

## Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР- ДСМ-27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 наурызда № 27218 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 32-бабының 7-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2022 жылғы 24 наурыздағы  
№ ҚР- ДСМ-27 бұйрығына  
1-қосымша

# Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 32-бабының 7-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармағына сәйкес әзірленді және халыққа стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсетуде "Пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру", "Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру", "Санаторийлік-курорттық емделуге қажеттілігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін белгілейді.

2. Осы Стандартта мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) денсаулық сақтау ұйымы - денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) емдеуге жатқызу бюросы порталы (бұдан әрі – Портал) – тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (бұдан әрі – ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) шеңберінде пациенттерді стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу жолдамаларын электрондық тіркеудің, есепке алудың, өндеудің және сақтаудың бірыңғай жүйесі;

4) жоғары технологиялық медициналық көмек (бұдан әрі – ЖТМК) бейінді мамандар тиімділігі мен қауіпсіздігі ғылыми дәлелденген диагностика мен емдеудің инновациялық және (немесе) бірегей әдістерін және медицина ғылымының және ғылым мен техниканың сабақтас салаларының жетістіктері негізінде әзірленген технологияларды қолдануды қажет ететін аурулар кезінде көрсететін мамандандырылған медициналық көмектің бір бөлігі;

5) консилиум - кемінде үш дәрігердің қатысуымен диагноз қою, емдеу тактикасын айқындау және ауруды болжау мақсатында адамды зерттеу;

6) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

7) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

8) мамандандырылған медициналық көмек (бұдан әрі – ММК) – диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде телемедицина құралдарын пайдалана отырып бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;

9) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

10) стационарлық жағдайларда медициналық көмек – тәулік бойы медициналық байқау, емдеу, күтім, сондай-ақ тамақпен бірге төсек-орын беру көзделетін стационарлық жағдайларда, оның ішінде емдеу басталғаннан кейін алғашқы тәуліктер ішінде тәулік бойы байқау көзделетін "бір күннің" терапиясы және хирургиясы жағдайларында ұсыну;

11) хабардар етілген келісім - адамның медициналық көмек алуға және (немесе) оның шешім қабылдауы үшін маңызы бар медициналық көмектің және (немесе) зерттеудің барлық аспектісі туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысуға өз келісімін жазбаша ерікті түрде растау рәсімі. Хабардар етілген жазбаша келісім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ресімделеді;

12) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі - цифрлық денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар;

13) цифрлық құжаттар сервисі – бұл операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды іске асыру және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі;

## **2-тарау. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

### **1 – параграф "Пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі**

3. Емдеуге жатқызу үшін көрсетілім – денсаулық сақтау ұйымдарында пациенттерді тәулік бойы медициналық бақылай отырып, дәрігерге дейінгі, мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдана отырып көрсету.

4. Пациентті денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде жүзеге асырылады:

1) жоспарлы тәртіппен - медициналық – санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) мамандарының немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша "Стационарлық мамандандырылған медициналық көмек жоспарлы нысанда көрсетілетін аурулардың тізбегін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-258/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21784 болып тіркелген) жүзеге асырылады;

2) шұғыл көрсетілімдер бойынша (демалыс және мереке күндерін қоса алғанда) - жолдаманың бар-жоғына қарамастан жүзеге асырылады.

5. Жолдаманы Порталда тіркей отырып, жоспарлы емдеуге жатқызу пациенттің денсаулық сақтау ұйымын еркін таңдау құқығын ескере отырып, емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін айқындау жолымен жүзеге асырылады:

1) МСАК маманының немесе меншік нысанына қарамастан басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша стационар маманы;

2) МСАК маманының немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша автоматты түрде айқындау арқылы;

3) пациенттер өз бетінше жүгінген және басшының пациентті осы денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу туралы шешімі болған кезде денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесінің маманы ұсынады.

6. Ақылы негізде жоспарлы емдеуге жатқызу "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ – 175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ – 175/2020 бұйрық) бекітілген стационарлық пациенттің медициналық картасын міндетті түрде толтырумен

және порталда электрондық форматта іске асырылған медициналық көмекті ақылы негізде көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары үшін жүзеге асырылады.

7. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21904 болып тіркелген) сәйкес ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге шарт жасасқан денсаулық сақтау ұйымдарының порталға қолжетімділігі бар.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі- ӘлМСҚ) меншік нысанына қарамастан ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге жаңа медициналық көрсетілетін қызметтерді берушімен шарт жасасқан жағдайда, порталда жұмыс істеу үшін логин мен пароль беру Өнім беруші өтінім берген сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

8. Емделуге жатқызуды ұйымдастыру процесінің қатысушылары:

- 1) денсаулық сақтау ұйымдары;
- 2) ӘлМСҚ және оның филиалдары;
- 3) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары болып табылады.

9. Жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болған кезде МСАК немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының маманы пациентке клиникалық-диагностикалық (зертханалық, аспаптық және функционалды) зерттеулер (бұдан әрі - зерттеулер), бейінді мамандардың консультацияларын, диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын басшылыққа ала отырып, жіберілетін диагнозға сәйкес жүргізеді.

Емдеуге жатқызу күнін автоматты түрде анықтаған кезде пациентті емдеуге жатқызуға дейінгі зерттеп-қараудың ең аз көлемі емдеуге жатқызудың белгіленген күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жүргізіледі. Емдеуге жатқызуға дейінгі бақылауды жіберген медициналық ұйым жүзеге асырады.

МСАК ұйымына немесе басқа денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу алдында жүргізілген зерттеулерді тәулік бойы бақыланатын стационарда қосымша және қайта жүргізу диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес науқастың жай-күйін динамикалық бағалау үшін медициналық картада негіздей отырып, медициналық көрсетілімдер бойынша жүргізіледі.

10. Пациент денсаулық сақтау ұйымын таңдаған кезде денсаулық сақтау ұйымының ішкі бұйрықпен бекітілген жауапты маманы (бұдан әрі - жауапты маман) оған емдеуге жатқызуды күтудің ең аз мерзімімен тиісті бейін бойынша денсаулық сақтау ұйымын баламалы таңдау мүмкіндігі туралы ақпарат береді.

Жауапты маман пациентті таңдалған стационарға емдеуге жатқызу күні және жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күнінде міндетті түрде келу қажеттілігі туралы электрондық үкімет порталының жеке кабинетінде ауызша немесе электрондық хабарлау (push немесе sms-хабарлама) арқылы хабардар етеді.

Стационарға келмеген жағдайда жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күні пациент МСАК ұйымына немесе емдеуге жатқызуға жіберген денсаулық сақтау ұйымына хабарлайды. Стационар емделуге жатқызуды күнтізбелік 3 (үш) күннен аспайтын мерзімге ауыстырады.

11. Облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда және астанада құрылатын республикалық және ғылыми ұйымдарға ЖТМК көрсетуге жоспарлы емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдер болған кезде пациент "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ -238/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрық) сәйкес ЖТМК комиссиясының шешімімен емдеуге жатқызылады.

12. Жоспарлы емдеуге жатқызу күнін айқындау кезінде:

1) денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманы осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Порталда орналасқан күту парағында жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы тіркейді және пациентке осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоспарлы емдеуге жатқызу талонын береді;

2) күн сайын денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманы осы денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызуға жіберілген пациенттердің тізімін қарайды, бейіндер бойынша бос төсектер туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Порталда орналастырылған бос төсектерді есепке алу парағына 9 сағат 30 минутқа дейін енгізеді. Жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күні порталда жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдаманы тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде анықталады;

3) күн сайын денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманы күту парағына мониторингті жүзеге асырады және денсаулық сақтау ұйымы жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін қойғаннан кейін пациентке осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызуға жолдама береді;

4) пациент жоспарлы емдеуге жатқызудың белгіленген күніне сәйкес емдеуге жатқызылады;

5) жүкті және босанатын әйелдерді босандыруға жіберу жүктіліктің 37 аптасынан бастап перинаталдық көмекті өңірлендіру деңгейін ескере отырып, емдеуге жатқызу бюросы порталының күту парағында тіркеледі.

Емдеуге жатқызудың соңғы күні тәулік бойы бақылайтын стационарға келіп түскен күні медициналық картасын міндетті түрде толтырумен айқындалады.

13. Құқық қорғау органдарының зейнеткерлерін, әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен шығарылған, әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты ауырған, сондай-ақ жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар адамдарды, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен денсаулық жағдайы бойынша (қызметтік міндеттерін атқару кезінде алынған аурулар, мертігулер, мүгедектік), сондай-ақ қызметте болудың шекті жасына толуы немесе штаттарды қысқартылуына байланысты шығырылған және күнтізбелік және жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлерін әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерге жатқызу медициналық көрсетілімдер болған кезде МСАК маманының жолдамасынсыз жүзеге асырылады.

14. Стационарға жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін "Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ - 133/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21452 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес жауапты маман айқындайды:

1) аудандық деңгейде медициналық көмекті стационарлық жағдайда көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

аудан орталығында, ауданда құрылатын нөмірлік аудандық аурухана;

көп бейінді ауданаралық аурухана;

аудандық немесе ауданаралық ауруханада оңалту, паллиативтік көмек, мейіргерлік күтім;

2) қалалық деңгейде стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

қалалық аурухана;

көп бейінді қалалық аурухана;

көп бейінді қалалық балалар ауруханасы;

психикалық денсаулық орталығы;

фтизиопульмонология орталығы;

көп бейінді ауруханалардың құрылымдық бөлімшесі ретінде перинаталдық (босандыру бөлімшесі), онкологиялық, инфекциялық, тері-венерологиялық, травматологиялық, инсульттік, ревматологиялық, офтальмологиялық, кардиологиялық және кардиохирургиялық орталықтар құрылады;

қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары – көп бейінді аурухана жанынан ұйымдастырылатын санаторий, мамандандырылған санаторий, профилакторий, оңалту орталығы немесе оңалту бөлімшесі (төсектері);

паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсететін ұйымдар - көп бейінді аурухана, туберкулезге қарсы диспансер жанынан ұйымдастырылатын хоспис, мейіргерлік күтім ауруханасы немесе бөлімше, төсектер;

республикалық және облыстық маңызы бар қалада құрылатын ғылыми ұйымдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық деңгейде астанада құрылатын денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдинг;

3) облыстық деңгейде стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері:

көп бейінді облыстық аурухана;

көп бейінді облыстық балалар ауруханасы;

облыс орталығындағы психикалық денсаулық орталығы;

облыс орталығындағы облыстық фтизиопульмонология орталығы;

көп бейінді ауруханалардың құрылымдары перинаталдық (босандыру бөлімшесі), онкологиялық, инфекциялық, тері-венерологиялық, травматологиялық, инсульттік, ревматологиялық, офтальмологиялық, кардиологиялық және кардиохирургиялық орталықтар;

көп бейінді аурухананың ұйымдастырылатын қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары - санаторий, мамандандырылған санаторий, профилакторий, оңалту орталығы немесе оңалту бөлімшесі (төсектері);

көп бейінді аурухананың, фтизиопульмонология орталығының жанынан ұйымдастырылатын паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсететін ұйымдар - хоспис, мейіргерлік күтім ауруханасы немесе бөлімшесі, төсектері.

15. Пациентті басқа денсаулық сақтау ұйымына ауыстыру үшін стационар маманы медициналық көрсетілімдер болған кезде емдеуші дәрігер сәйкес медициналық ұйымның басшыларының келісім рәсімі аяқталғаннан кейін жолдаманы Порталда тіркеуді жүзеге асырады.

16. Жауапты маманның жолдамасы бойынша емдеуге жатқызу күнін автоматты түрде анықтаған кезде:

1) жауапты маман жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдаманы тіркейді, порталда автоматты түрде белгіленген емдеуге жатқызудың жоспарланған күні туралы ақпаратты ұсынады және жолдаманы береді (қағаз немесе электрондық тасымалдағышта);

2) егер пациент порталда автоматты түрде белгіленген емдеуге жатқызудың жоспарланған күнінен бас тартса, МСАК-тың немесе басқа денсаулық сақтау ұйымының емдеуші дәрігері оған емдеуге жатқызудың неғұрлым кеш күнін немесе неғұрлым ертерек емдеуге жатқызу мүмкіндігі көзделетін басқа денсаулық сақтау ұйымын таңдауды ұсынады;

3) пациентті басқа денсаулық сақтау ұйымына ауыстыруға медициналық көрсетілімдер болған кезде МСАК ұйымының жауапты маманы сәйкес медициналық



ұйымның басшыларының келісім рәсімі аяқталғаннан кейін жолдаманы Порталда тіркеуді жүзеге асырады;

4) пациент жолдамада көрсетілген денсаулық сақтау ұйымына Порталмен автоматты түрде айқындалған мерзімде емдеуге жатқызылады;

5) пациент мерзімінде келмеген жағдайда, медициналық ұйым шұғыл пациенттерді емдеуге жатқызу үшін осы төсекті пайдаланады;

6) емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін автоматты түрде айқындау Порталда есептеуден әзірленген өлшемшарттарға сәйкес денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы тіркеу кезінде жүзеге асырылады:

қаржыландырудың жалпы жоспарланған көлемін;

өткен жылғы деректердің негізінде нозологиялар бөлінісінде жағдайларды ескере отырып, жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу үшін болжамды қаржыландыру сомасының үлес салмағының орташа жылдық мәні;

өткен жылғы деректердің негізінде емдеуге жатқызу процесіне қатыспайтын бейіндер бойынша нозологиялар бөлінісінде жоспарлы емдеуге жатқызу жағдайлары үшін болжамды қаржыландыру сомасының үлес салмағының орташа жылдық мәні;

есепті айға арналған жалпы қаржыландыру жоспарына сәйкес есепті кезеңде жазып беру жоспарланатын барлық жағдайлардың (жоспарлы және шұғыл) болжамды құны;

нозология бөлінісінде науқастың төсекте болуының орташа ұзақтығының мерзімдері;

бір жұмыс күні ішінде жоспарлы тәртіппен емдеуге жатқызылуы мүмкін пациенттердің саны туралы мәліметтер;

демалыс, мереке күндері (ауыстырумен), операциялық, ургенттік күндер, санитариялық өңдеуге арналған күндер туралы мәліметтер (медициналық ұйымдардың деректері бойынша);

қызметі жоспарлы емдеуге жатқызу процесіне әсер ететін еңбек демалыстарының кестесі туралы мәліметтер;

пациенттерді дербес жоспарлы емдеуге жатқызуға үлесі туралы мәліметтер;

7) алдағы жылға арналған өлшемшарттарды қалыптастыру үшін стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары цифрлық денсаулық сақтау субъектісіне келесі қаржы жылы басталғанға дейін екі ай бұрын мынадай мәліметтерді ұсынуы қажет:

бейіндер бөлінісінде бір жұмыс күні жоспарлы емдеуге жатқызу үшін жоспарланған пациенттер саны;

бейіндер бойынша жоспарлы емдеуге жатқызу күндері;

операциялық кесте;

санитариялық өңдеуге арналған күндер кестесі;

қызметі жоспарлы емдеуге жатқызу процесіне әсер ететін мамандардың біліктілігін арттыру, еңбек демалыстарының кестесі;

пациенттерді өзбетінше жоспарлы емдеуге жатқызуға жоспарлы үлесі;

8) өлшемдерді қалыптастыру үшін мәліметтер өзгерген жағдайда, жоспарланған өзгерістер басталғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде деректерді цифрлық денсаулық сақтау субъектісіне ұсыну қажет;

9) төсек қорын оңтайландырған жағдайда денсаулық сақтау ұйымдары жоспарланған өзгерістер басталғанға дейін күнтізбенің бір ай көрсеткішінен кешіктірілмейтін мерзімде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік жергілікті органдарды тиісті ақпараттық жүйелерінде төсек қоры құрылымының өзгерістеріне уақтылы өзектендіру жүргізу үшін денсаулық сақтау басқармаларын және цифрлық денсаулық сақтау субъектісін хабардар етеді;

10) жоспарлы емдеуге жатқызудың жоспарланған күнін порталда жауапты маманмен жіберген кезде автоматты түрде анықталады:

ғылыми ұйымдар пациенттің денсаулық сақтау ұйымын еркін таңдау құқығын ескере отырып, ЖМЖ және ЖТМҚ қызметтерін ұсынады;

қалалық және облыстық деңгейдегі көп бейінді ауруханаларда, төмендегі келтірілген мынадай төсек қорын қоспағанда:

гематологиялық, онкогематологиялық, инфекциялық, психиатриялық, психоневрологиялық, туберкулезге қарсы, наркологиялық, тері-венерологиялық, онкологиялық, паллиативтік көмек және мейіргер күтімі, балалар, перинаталдық ( босандыру бөлімшесі).

Күту парағынан алу мынадай жағдайларда көзделеді:

МСАК ұйымдарында немесе басқа денсаулық сақтау ұйымдарында:

жолдаманы Порталда тіркегеннен кейін пациенттің емдеуге жатқызудан жазбаша бас тартуының негізінде;

емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттің қайтыс болу жағдайын тіркеу;

медициналық ұйымға емдеуге жатқызу сәтінде медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы;

шұғыл емдеуге жатқызу;

денсаулық сақтау ұйымдарының қабылдау бөлімшесінде:

емдеуге жатқызуға медициналық көрсетілімдердің болмауы;

емдеуге жатқызу сәтінде медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы;

пациенттің емдеуге жатқызуға келмеуі;

бейінсіз ауруханаға жатқызу;

Жоспарлы түрде емдеуге жатқызу күнін айқындау кезінде денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесінің маманы, пациенттер өз бетінше жүгінген жағдайда емдеуге жатқызу туралы шешімді денсаулық сақтау ұйымының жауапты адамымен келіседі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес "Пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) стандартында көзделген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы МСАК ұйымдарына (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет беруші) немесе "электрондық үкімет" порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде портал арқылы "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды ұсынған кезде немесе оларды портал арқылы жіберген кезде МСАК денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігері мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 8-тармағына (5-қосымша) сәйкес олардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру арқылы немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) алады.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі: № ҚР ДСМ–175/2020 бұйрығымен бекітілген 001-3/е нысаны бойынша берілген стационарға емдеуге жатқызуға жолдама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған және осы Стандарттың талаптарына сәйкес келген жағдайда МСАК денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігері пациенттерге стационарға емдеуге жатқызуға жолдаманы ресімдейді, оған бөлімше меңгерушісі қол қояды және денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманына береді.

Денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманы жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдаманы тіркейді, көрсетілетін қызметті берушінің мөрін қояды және көрсетілетін қызметті алушыны стационарға емдеуге жатқызуға жолдаманы береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде МСАК

денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігері мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуды қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған кезде, қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының цифрлық құжаттар сервисінде дербес деректерге қол жеткізуге келісімнің болмауы кезінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы МСАК ұйымына жүгінген кезде мемлекеттік қызметті одан әрі қараудан бас тарту көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолы қойылған, өтінішті одан әрі қараудан бас тарту негіздері көрсетіле отырып, жеке хатпен ресімделеді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.07.2022 № ҚР ДСМ-69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсетуді мониторингтеу мақсатында мониторингтің ақпараттық жүйесіне "Пациенттерге стационарға емдеуге жатқызуға жолдама беру" мемлекеттік қызмет көрсету туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

19. Денсаулық сақтау ұйымының басшылығы, науқастардың құқықтарын қорғау мақсатында, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары: он сегіз жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектер, көп балалы аналар, зейнеткерлер, әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын науқастар үшін ғылыми ұйымдар үшін жоспарлы емдеуге жатқызу көлемінің 15 %-ы шегінде, меншік нысанына қарамастан аудандық, қалалық, облыстық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары үшін 10 %-ы кезінде пациентті жоспарлы емдеуге жатқызу туралы шешімді дербес қабылдайды.

Коронавирус инфекциясынан болған пандемия кезеңінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар үшін № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрықтың 19-тармағына сәйкес жоспарлы емдеуге жатқызу жүргізіледі.

20. Денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесінің дәрігері, медициналық көрсеткіштері бар өз бетінше жүгінген науқастарды денсаулық сақтау ұйымына (немесе) құрылымдық бөлімшелерге жүгінген күні жоспарлы емдеуге жатқызуды жүзеге асырады:

инфекциялық, психиатриялық, психоневрологиялық, туберкулезге қарсы, наркологиялық, тері-венерологиялық, онкологиялық, Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға арналған госпитальдер, хоспистер мен мейіргерлік күтім ауруханалары, перинаталдық көмекті өңірлендіруді ескере отырып, перинаталдық орталық (босандыру бөлімшесі);

меншік деңгейі мен нысанына қарамастан көп бейінді ауруханалар емдеудің кезекті кезеңіне (консервативтік, оперативті) және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының медициналық бөлігіне сәйкес қалпына келтіру емі және медициналық оңалту жөніндегі іс-шараларды жүргізу жүзеге асырады.

21. Жоспарлы емдеуге жатқызуды ұйымдастыру кезінде, емдеуге жатқызу үдерісінің кезеңдері, рұқсат етілген шектерден асып кеткен жағдайда, штаттан тыс мәселелер туындайды:

1) болмай қалған жоспарлы емдеуге жатқызу:

жоспарлы емдеуге жатқызуға медициналық көрсетілімдердің болмауы;

емдеуге жатқызу кезінде медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы;

2) жоспарлы емдеуге жатқызу деңгейіне теріс әсер ететін жағдайлар: жолдаманы Порталда тіркегеннен кейін пациенттің емдеуге жатқызудан жазбаша бас тартуы;

пациенттің емдеуге жатқызуға келмеуі;

емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттің өлімін тіркеу;

шұғыл емдеуге жатқызу;

емдеуге жатқызу рәсімінен тәуелсіз.

22. Штаттан тыс жағдайлар туындаған және тоқтатылған жағдайда денсаулық сақтау ұйымы 1 (бір) жұмыс күні ішінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, ӘлМСҚ және цифрлық денсаулық сақтау субъектісіне штаттан тыс жағдайлар туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Денсаулық сақтау ұйымының қызметі уақытша тоқтатылған жағдайда, ақпараттандыру субъектісі 1 (бір) жұмыс күні ішінде МСАК ұйымдарын және басқа да денсаулық сақтау ұйымдарын хабардар етеді.

Жауапты маман пациенттің назарына форс-мажорлық жағдайлардың туындағаны туралы жеткізеді және басқа денсаулық сақтау ұйымын таңдауды немесе оның қызметі қайта басталғаннан кейін бұрын таңдалған денсаулық сақтау ұйымына жатқызуды ұсынады.

Емдеуге жатқызуға жолдама электрондық тіркеу порталында үш сағаттан артық іске асырылмаған жағдайда денсаулық сақтау ұйымы жоспарлы емдеуге жатқызуға жіберу процесінің үздіксіздігін мынадай ретпен қамтамасыз етеді:

1) МСАК ұйымы немесе басқа денсаулық сақтау ұйымы, келісілген күні емдеуге жатқызуға арналған жолдаманы қағаз жүзінде рәсімдейді;

2) денсаулық сақтау ұйымы пациентті емдеуге жатқызу күні қағаз жеткізгініне сәйкес жүзеге асады;

3) МСАК ұйымы немесе басқа денсаулық сақтау ұйымы медициналық ақпараттық жүйенің жұмысы тікелей қайта басталғаннан кейін қағаз жеткізгіштегі деректері негізінде медициналық ақпараттық жүйені ажырату кезеңінде емдеуге жатқызылған немесе емдеуге жатқызуға жоспарланған пациенттердің жолдамаларын порталда тіркеуді қамтамасыз етеді;

4) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі:

үш сағаттан астам мерзімге емдеуге жатқызуға жолдаманың электрондық тіркеу порталында жұмыс істемеу фактісі туралы хаттаманы рәсімдейді;

МСАК ұйымынан немесе медициналық ұйымнан қағаз жеткізгіштерде жоспарлы емдеуге жатқызуға жіберу фактілері бойынша ақпаратты сұратады;

қағаз жеткізгіштегі деректерге сәйкес жолдамаларды порталға тіркеу процесін үйлестіреді.

23. Жолдамаларды порталдағы емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттің қайтыс болуы себебі бойынша "күту парағынан" алу кезінде ақпараттандыру субъектісіне мәліметтер (алу тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде): сот-медициналық сараптамаға жататын жағдайларды қоспағанда, № ҚР ЖЖМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген № 045/е нысаны бойынша амбулаториялық картадан үзінді көшірме, қайтыс болу туралы дәрігерлік куәліктің көшірмесі ұсынылады.

24. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары:

1) басқару шараларын қабылдай отырып, денсаулық сақтау ұйымдарының мынадай көрсеткіштеріне тұрақты мониторингті жүзеге асырады:

өңірде стационарлық көмекті тұтыну деңгейі;

төсек қорының жұмысы және оны ұтымды ету;

төсектерді олардың сұранысына сәйкес қайта бейіндеу;

тәуліктік және күндізгі стационарларда емделген жағдайлардың құрылымы;

негізсіз емдеуге жатқызу;

штаттан тыс жағдайлар.

## **2-параграф. "Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі**

25. Пациентті ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу:

осы Стандартқа 10-қосымшаға сәйкес тәулік бойы бақыланатын стационарға емделуге жататын аурулардың халықаралық жіктемесінің (бұдан әрі- АХЖ) 10 қарауының кодтары бойынша диагноздардың тізбесіне сәйкес;

осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес тәулік бойы бақыланатын стационарға басым емдеу үшін АХЖ– 9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялар тізбесіне сәйкес;

26. АХЖ–10 коды бойынша аурулардың тізбесіне кірмеген ауруы бар адамдар стационарлық жағдайларда емдеу үшін осы Стандартқа 12-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

27. Жоспарлы емдеуге жатқызуды алуға денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесінде пациенттерді қабылдау және тіркеу ұйымның бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс уақытында, жүгінген сәттен бастап 60 минуттың ішінде жүзеге асырылады. Шұғыл медициналық көмек тәулік бойы көрсетіледі. Қабылдау бөлімшесінде консилиум ұйымдастырылады (көрсеткіші бойынша).

Толық зерттеп–қарау және қарсы көрсетілімдер болмаған кезде бейінді бөлімшеге емдеуге жатқызу жүзеге асырылады.

28. Науқастарды денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызу жағдайында № ҚР ДСМ – 175/2020 бұйрықпен бекітілген нысандар тағайындау парағымен № 001/е нысаны бойынша "Стационарлық пациенттің медициналық картасы", оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелер арқылы ресімделеді.

**29. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.07.2022 № ҚР ДСМ-69 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Медициналық авиацияның мобилдік бригадасы жеткізген пациент денсаулық сақтау ұйымы басшылығының алдын ала хабарламасы бойынша бейінді бөлімшеге жатқызылады.

31. Шұғыл емдеуге жатқызу кезінде пациенттерді Порталда тіркеуді денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесінің мамандары жүзеге асырады.

32. Порталда денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесіне жүгінген пациенттер туралы деректерді тіркеу пациенттерді емдеуге жатқызуға және емдеуге жатқызудан бас тартуды есепке алу үшін электрондық форматта жүзеге асырылады.

33. Денсаулық сақтау ұйымдары апта сайын осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК ұйымына немесе басқа денсаулық сақтау ұйымына пациенттің шұғыл емдеуге жатқызудан бас тартуы туралы ақпаратты электрондық жеткізгіштерде жібереді.

Пациентті шұғыл емдеуге жатқызудан бас тарту толтырылғаннан кейін құжат талап ету бойынша пациенттің немесе заңды уәкілінің қолына беріледі.

34. Шұғыл жағдайларда пациент денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесіне жедел медициналық жәрдем станциясының (бөлімшесінің) бригадасымен, МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің бригадасымен, санитариялық авиацияның

ұтқыр бригадасымен, басқа денсаулық сақтау ұйымдарынан жеткізіледі немесе өз бетінше жүгінеді. Жекелеген жағдайларда пациенттерді денсаулық сақтау ұйымына азаматтар немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлері жеткізеді.

35. Пациентте ЖТМК көрсету үшін медициналық көрсетілімдер болған кезде емдеуге жатқызу ҚР ДСМ-238/2020 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

36. Пациентті тасымалдау кезінде жедел медициналық жәрдем станциясының немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің диспетчері денсаулық сақтау ұйымының қабылдау бөлімшесіне пациенттің жеткізілгені туралы хабарлайды.

37. Шұғыл стационарлық медициналық көмекті қызмет түріне сәйкес және меншік нысанына қарамастан ТМККК және (немесе) МӘМС шеңберінде тәулік бойы бақыланатын стационарда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі көрсетеді.

38. Қабылдау бөлімшесінде қайтыс болған жағдайда пациенттің қайтыс болу фактісі осы медициналық ұйымға тіркеледі.

39. Пациентті емдеуге жатқызу кезінде қабылдау бөлімшесінің дәрігері және (немесе) мейіргері "Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрыққа (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) сәйкес триаж жүйесі бойынша бөледі.

40. Пациенттің жай-күйін дәрігердің бағалауы аяқталғаннан кейін мейіргер түрлі-түсті (қызыл, сары, жасыл) таңбалауды жүргізеді.

41. Пациентті бірінші топқа (қызыл аймақ) айқындау кезінде шұғыл медициналық көмек қарқынды терапия палатасы немесе операция жасау бөлмесі жағдайларында көрсетіледі.

Жағдайы тұрақталған кезде пациент анестезиология, реаниматология және қарқынды терапия бөлімшесіне немесе денсаулық сақтау ұйымының бейінді бөлімшесіне ауыстырылады.

42. Екінші топтағы пациент (сары аймақ) медицина қызметкерінің алып жүруімен диагностикалық палатаға жатқызылады. Динамикалық бақылау қажет болған жағдайда пациент диагностикалық палатада 24 сағатқа дейін болады. Осы кезеңде шұғыл емдеу-диагностикалық іс-шаралардың толық көлемі жүргізіледі.

43. Үшінші топтағы (жасыл аймақ) пациент қабылдау бөлімшесінің қарау кабинетіне жіберіледі. Қарау кабинетінде емдеу тәсілін одан әрі айқындай отырып, диагноз қойылғанға дейін емдеу-диагностикалық іс-шаралардың қажетті көлемі жүргізіледі.

Стационарға жатқызу үшін көрсетілімдер болмаған кезде қабылдау бөлімшесінің дәрігері пациентке № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген емдеуге жатқызудан бас тартудың жазбаша негіздемесімен № 027/е нысаны бойынша анықтама береді.



Қабылдау бөлімшесінің мейіргері активті пациенттің бекітілген жері (болған жағдайда) бойынша МСАК ұйымына жібереді.

44. Емдеуге жатқызылмаған пациенттерге медициналық қызметтер көрсетілген және дәрілік заттар пайдаланылған жағдайда, деректер медициналық қызметтер және пайдаланылған дәрілік заттар тізіліміне осы Стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізіледі.

45. Денсаулық сақтау ұйымына медициналық көмекке жүгінген кезде пациенттің психоактивті заттарды қолдану белгілері анықталған кезде медицина қызметкері бұл туралы медициналық картаға жазып, кейіннен медициналық картаға нәтижелерін енгізе отырып, психобелсенді заттың құрамын анықтау үшін биологиялық материалды алады.

46. Пациент тәулік бойы бақыланатын стационарға келіп түскен кезде емдеуші дәрігер оны медициналық картаға белгі қоя отырып, денсаулық сақтау ұйымының ішкі тәртібінің қағидалары туралы хабардар етеді.

Стационарлық жағдайларда медициналық көмек алатын пациенттің келу тәртібі денсаулық сақтау ұйымының ішкі тәртібінің қағидаларында белгіленеді.

47. Медициналық көмек пациенттің не оның заңды өкілінің емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізуге хабардар етілген жазбаша ерікті келісімін алғаннан кейін ұсынылады.

Пациенттің хабардар етілген келісімі стационарлық пациенттің медициналық картасына 3-қосымша параққа сәйкес ресімделеді.

48. Өз еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін есеңгіреген, есеңгіреген күйдегі; айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегуші; психикасының ауыр бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші; психикасының бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші және қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамдарға қатысты медициналық көмек келісімінсіз көрсетуге жол беріледі.

Пациенттердің келісімінсіз медициналық көмек көрсету жоғарыда көрсетілген жағдайлар жойылғанға дейін жалғасады.

49. Туыстарының және отбасының өзге де мүшелерінің немесе заңды өкілдерінің шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайлардан басқа медициналық ұйымда, оның ішінде қарқынды терапия және реанимация бөлімшесі (палатасы) жағдайында емделіп жатқан пациентке баруына жол беріледі.

50. Кәмелетке толмағандарға және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдарға қатысты медициналық көмек алуға пациенттің ақпараттандырылған келісімін олардың заңды өкілдері береді.

Заңды өкілдері болмаған кезде медициналық көмек көрсету туралы шешімді консилиум, ал консилиум жинау мүмкін болмаған кезде денсаулық сақтау ұйымының лауазымды адамдарын кейіннен хабардар ете отырып, тікелей медицина қызметкері қабылдайды.

51. Медициналық көмек алу кезінде пациент өз денсаулығының жай-күйі туралы, оның ішінде емдеудің ықтимал қаупі мен артықшылықтары, ұсынылатын және баламалы әдістері туралы деректер, емделуден бас тартудың ықтимал салдарлары туралы мәліметтер, емделуші үшін қолжетімді нысандағы диагноз, емдік іс-шаралардың болжамы мен жоспары туралы ақпарат, сондай-ақ үйге шығу немесе басқа денсаулық сақтау ұйымына ауыстыру себептері туралы толық ақпарат алады.

52. Жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері (бұдан әрі – дәрігер) пациентті стационарға келіп түскен күні қарайды, оған қажетті емдеуді тіркейді және тағайындалған емдеу-диагностикалық іс-шаралар туралы хабардар етеді.

53. Емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, емдік тамақтануды ұйымдастыру және пациенттің тиісті күтімі денсаулық сақтау ұйымына келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырылады.

54. Пациенттерді санитариялық өңдеу "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ - 96/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

55. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде емдеу кезінде стационарлық жағдайда мамандырылған медициналық көмек көрсетілетін инфекциялық, паразиттік аурулар және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-162/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21537 болып тіркелген) сәйкес тәулік бойы бақыланатын стационарда қауіп төндіретін аурулары бар пациенттерді бөлек орналастыруға арналған палаталар немесе бокстар көзделеді.

56. Тәулік бойы бақыланатын стационардағы пациенттерді емдеуші дәрігер күн сайын тексеріп отыруға тиіс.

Кешкі, түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері еңбек заңнамасына сәйкес - консультацияны немесе консилиумды денсаулық сақтау ұйымының жауапты кезекші дәрігері ұйымдастырады.

Кезекші дәрігер қосымша диагностикалық және емдік манипуляцияларды қарау және тағайындау кезінде медициналық картада тиісті жазбалар жүргізеді.

Пациенттің жағдайы нашарлаған кезде кезекші дәрігер бөлімше меңгерушісін және (немесе) емдеуші дәрігерді хабардар етеді, диагностика және емдеу процесіне өзгерістер енгізуді келіседі және медициналық картаға (қағаз және (немесе) электрондық) жазба жасайды.

Медициналық картаның электрондық нұсқасына пациенттің жағдайы өзгерген сәттен бастап бір тәуліктен кем емес уақытта енгізіледі.

Аурудың ауыр және өте ауыр ағымында жазбалардың көптігі жағдайдың ауырлық динамикасына байланысты. Дәрігердің жазбалары пациенттің жай-күйіндегі нақты өзгерістерді және тағайындауларды түзету қажеттілігін, тағайындалған тексеру мен емдеудің негіздемесін, алынған нәтижелерді және жүргізілген емнің тиімділігін бағалауды және түсіндіруді көрсетуі тиіс. Кезек күттірмейтін жағдайларда сағат және минут бойынша шұғыл көмек көрсету уақытын көрсете отырып, қарап-тексеру еселігі кемінде әрбір үш сағат сайын.

57. Клиникалық диагноз бөлімше меңгерушісімен бірлесіп, пациентті денсаулық сақтау ұйымына емдеуге жатқызған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей (пациентті психикалық, мінез-құлық бұзушылықтармен (аурулармен) адамдарды денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін ұйымға емдеуге жатқызған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей белгіленеді.

Клиникалық диагноз белгіленген күні медициналық картада тиісті жазба жасалады.

58. Бөлімше меңгерушісі ауыр науқастарды емдеуге жатқызу күні, кейіннен – күн сайын қарайды. Орташа ауыр жағдайдағы пациенттер аптасына кемінде бір рет қаралады.

Пациентті қарап-тексеру нәтижелері медициналық картаға жазып отырған медицина қызметкерін міндетті түрде сәйкестендіре отырып, пациентті одан әрі жүргізу тактикасы жөніндегі ұсынымдарды көрсете отырып тіркеледі.

59. Бес жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ емдеуші дәрігердің қорытындысы бойынша балаға күтім жасауды тікелей жүзеге асыратын басқа адамға қосымша анасының (әкесінің) немесе басқа адамның күтімін қажет ететін ауыр жағдайдағы үлкен жастағы балаларды тәулік бойы бақылайтын стационарда емдеу кезінде алып жүретін адамға немесе балаға қосымша күтім жасайтын адамға "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрыққа (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ беріліп, онымен медициналық ұйымда, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Бір жасқа дейінгі баланы емізетін ана бала күтімі бойынша денсаулық сақтау ұйымында болған барлық кезеңге тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

60. Мектеп жасындағы балаларға стационарлық емдеу кезеңінде көп бейінді балалар тәулік бойы бақыланатын стационарда үздіксіз білім алу үшін жағдайлар жасалады.

61. Көпбейінді балалар ауруханаларының пациенттеріне ойын ойнауға, демалуға және тәрбие жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалады.

62. Стационарда медициналық көмек көрсету кезінде диагнозды сәйкестендіруде қиындықтар, жүргізіліп жатқан емнің тиімсіздігі кезінде, бөлімше меңгерушісі және (немесе) басшының медициналық бөлім бойынша орынбасары консультацияны (біліктілігі анағұрлым жоғары немесе басқа бейіндегі маманның пациентті қарап-тексеруі) немесе консилиумды, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардың бейінді маманын қоса алғанда (көрсеткіштері бойынша) ұйымдастырады.

63. Медициналық көрсетілімдер бойынша өмірлік маңызды функциялардың тұрақты мониторингін қажет ететін ауыр пациентті қажетті инструментальды және зертханалық сүйемелдеу болмаған жағдайда, консилиумның шешімі және денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын хабардар ету бойынша осы пациент жай-күйі тұрақтанғаннан кейін одан әрі тексеру және емдеу үшін ауру бейіні бойынша басқа медициналық ұйымға ауыстырылады.

64. Стационардан шығару өлшем шарттары мыналар болып табылады:

1) емдеудің жалпы қабылданған нәтижелері (сауығу, жақсару, өзгеріссіз, өлім, басқа медициналық ұйымға ауыстырылған);

2) пациенттің өміріне немесе айналасындағыларға тікелей қауіп болмаған кезде пациенттің немесе оның заңды өкілінің жазбаша өтініші;

3) денсаулық сақтау ұйымы белгілеген ішкі тәртіп қағидаларын бұзу жағдайлары, сондай-ақ емдеу-диагностикалық процесс үшін кедергілер жасау, басқа пациенттердің тиісті медициналық көмек алуға (оның өміріне тікелей қауіп болмаған кезде) құқықтарына қысым жасау болып табылады, бұл туралы медициналық картаға жазылады.

65. Стационарлық қарауларда емдеу аяқталғаннан кейін пациентке жүргізілген зерттеп-қараулар мен емдеудің нәтижелері және пациентті емдеудің одан арғы тәсілі жөніндегі ұсынымдары бар медициналық картасынан үзінді көшірме беріледі.

Үзінді көшірме бойынша деректер медициналық ақпараттық жүйелерге көшірменің нақты уақытын көрсете отырып, тәулік бойы енгізіледі.

66. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Стандартқа 8-қосымшаға сәйкес "Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

"Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін көрсетілетін қызметті алушы стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) немесе "электрондық үкімет" порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде портал арқылы "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде портал арқылы "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды ұсынған кезде немесе оларды портал арқылы жіберген кезде стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігері мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 8-тармағына сәйкес олардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру арқылы немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - қағаз түрінде стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған және осы Стандарттың талаптарына сәйкес келген жағдайда, стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігері стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмені ресімдейді, оған бөлімше меңгерушісі қол қояды және денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманына береді.

Денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманы стационарлық науқастың медициналық картасынан үзіндіні тіркейді, көрсетілетін қызметті берушінің мөрін қояды және стационарлық науқастың медициналық картасынан үзіндіні көрсетілетін қызметті алушыға береді.

Мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігері мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуды қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынылған кезде, қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының цифрлық құжаттар сервисінде дербес деректерге қол жеткізуге келісімнің болмауы кезінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жүгінген кезде мемлекеттік қызметті одан әрі қараудан бас тарту көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолы қойылған, бас тарту негіздері көрсетіле отырып, жеке хатпен ресімделеді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуды көрсетілетін қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

Мемлекеттік қызмет 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

**Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.07.2022 № ҚР ДСМ-69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

67. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсетуді мониторингтеу мақсатында мониторингтің ақпараттық жүйесіне "Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру" мемлекеттік қызметті көрсету туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

### **3-параграф. "Санаторийлік-курорттық емделуге қажеттілігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі**

68. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Стандартқа 9-қосымшаға сәйкес "Санаторийлік-курорттық емделуге қажеттілігі туралы қорытынды беру" (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

69. "Санаторийлік-курорттық емделуге қажеттілігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін көрсетілетін қызметті алушы медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдарға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) немесе "электрондық үкімет" порталы (бұдан әрі-портал) арқылы жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде портал арқылы "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен

қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды ұсынған кезде е оларды Портал арқылы жіберген кезде МСАК ұйымдарының дәрігері мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 8-тармағына сәйкес олардың толықтығын тексеруді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру арқылы немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен (сәйкестендіру үшін) алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: 069/е нысаны бойынша қағаз түрінде берілген санаторийлік-курорттық карта немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Құжаттардың толық топтамасы ұсынылған жағдайда МСАК ұйымының дәрігері санаторийлік-курорттық картаны ресімдейді, оған бөлімше меңгерушісі қол қояды және денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманына береді.

Денсаулық сақтау ұйымының жауапты маманы санаторийлік-курорттық картаны тіркейді, көрсетілетін қызметті берушінің мөрін қояды және көрсетілетін қызметті алушыға санаторийлік-курорттық картаны береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде МСАК ұйымдарының дәрігері мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуды қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының цифрлық құжаттар сервисінде дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы МСАК ұйымына жүгінген кезде мемлекеттік қызметті одан әрі қараудан бас тарту көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті тұлғасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолы қойылған, өтінішті одан әрі қараудан бас тарту негіздері көрсетіле отырып, жеке хатпен ресімделеді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ

қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуды көрсетілетін қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

Мемлекеттік қызмет 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

**Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.07.2022 № ҚР ДСМ-69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

70. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсетуді мониторингтеу мақсатында мониторингтің ақпараттық жүйесіне "Санаторийлік-курорттық емделуге қажеттілігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

71. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

72. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

73. Шағымды мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

74. Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, егер ол үш жұмыс күні ішінде шешімді не шағымда



көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын өзге де әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

75. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалады.

Қазақстан Республикасында  
стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек көрсету  
стандартына 1-қосымша

Форма  
Нысан

Күту парағы

Лист ожидания \_\_\_\_\_

Облыс/Қала Күні Область/Город \_\_\_\_\_ Дата \_\_\_\_\_

Реттік № № по порядку	Науқасты жіберу кодының № № Кода направления больного				Науқастың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (толық) Фамилия, имя, отчество больного (при его наличии) (полностью)	Жынысы (еркек-1, әйел-2)	Өңір (қала-1, ауыл-2) Регион (город - 1, село-2)	Науқастың туған күні Дата рождения	Науқастың мекенжайы және байланыс телефоны Домашний адрес и контактные телефоны	Науқасты емдеуге жатқызуға жіберген медициналық ұйымның Медицинская организация, направляющая больного на госпитализацию	Жолдам а берген ұйымның диагнозы (Аурулардың халықаралық жиынтылығы-10) Диагноз направившей организации (Международной классификации и болезней -10)
	Науқасты жіберген облыстың коды Код области, откуда направлено больно	Науқас бағытталған медициналық ұйымның коды Код медицинской организации, куда направляется больно	Төсек бейінінің коды Код профиля койки	Науқастың реттік нөмірі Порядковый номер больно							
1	2			3	4	5	6	7	8	9	

(Продолжение таблицы) (Кестенің жалғасы)

								Емдеуге жатқызуға жіберген	Емдеуге жатқызу
--	--	--	--	--	--	--	--	----------------------------	-----------------

Науқас жіберілген медициналық ұйым Медициналық ая организация, в которую направлена больная	Төсек бейінінің атауы Наименов ани е профиля койки	Өтінім тіркелген күн (күні, айы, жылы ) Дата регистрац ии заявки ( число, год )	Емхана белгілеген емдеуге жатқызу күні Дата Госпитали зации определен ная поликлини кой	Стационар белгілеген емдеуге жатқызу күні Дата Госпитали зации, определен ная стационар ом	Емдеуге жатқызу бюросы белгілеген емдеуге жатқызу күні Дата госпитали зации определен ная бюро госпитали зации	Нақты емдеуге жатқызу күні (күні, айы, жылы ) Дата окончател ьной госпитали зации ( число, год )	дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты Фамилия, имя, отчество ( при его наличии) врача, шего на госпитали зацию	орын алмаған немесе одан басқа тарту күні және себебі Дата и причина несостояв шейся госпитали зации или отказа
10	11	12	13	14	15	16	17	18

Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартына 2-қосымша

Форма

Нысан

## ЖОСПАРЛЫ ЕМДЕУГЕ ЖАТҚЫЗУ ТАЛОНЫ ТАЛОН ПЛАНОВОЙ ГОСПИТАЛИЗАЦИИ

Коды/Код \_\_\_\_\_

Құжатты қалыптастыру күні \_\_\_\_\_ Құжатты қалыптастыру уақыты \_\_\_\_\_

(Дата формирования документа) (Время формирования документа)

Азамат (ша) (Гражданин (ка))

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) /фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Туған күні (Дата рождения) \_\_\_\_\_ Пол (Жынысы) \_\_\_\_\_

Диагнозы (Диагноз)

Жіберілді (Направляется)

кім (кем)

Жіберілді (Направляется в)

қайда (куда)

Емханамен белгіленген жоспарлы емдеуге жатқызу күні

Дата планируемой госпитализации, определенная поликлиникой

Емдеуге жатқызу коды бойынша Қазақстан Республика стационарларындағы бос төсектер жөніндегі ақпаратты және Сізді емдеуге жатқызу жоспарланған стационарыңыздағы кезегіңізді [www.bg.eisz.kz](http://www.bg.eisz.kz) сайтынан қарай аласыз.

По коду госпитализации Вы можете просмотреть на сайте [www.bg.eisz.kz](http://www.bg.eisz.kz) информацию о свободных койках в стационарах Республики Казахстан и свою очередьность в стационар, куда планируется Ваша госпитализация

Қазақстан Республикасында  
стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек көрсету  
стандартына  
3-қосымша

Форма

Нысан

### Бос төсектерді тіркеу парағы Лист учета свободных коек

Облыс/Қала Күні Область/Город \_\_\_\_\_ Дата \_\_\_\_\_

Облыстың коды Код области	Медициналық ұйымның коды К о д медицинской организации	Медициналық ұйымның атауы Наименование медицинской организации	Төсек бейінінің коды Код профиля койки	Төсек бейінінің атауы Наименование профил я койки	Сметалық төсек саны Количество сметных коек
1	2	3	4	5	6
		Медициналық ұйымның бойынша жиыны Итого по медицинской организации			

Бос төсектер туралы мәліметтер

Сведения о свободных койках

Ағымдағы күн (күні, айы, жылы) Текущий день (дата, месяц, год)		2 күн (күні, айы, жылы) 2 день (дата, месяц, год)				3 күн (күні, айы, жылы) 3 день (дата, месяц, год)					
Бос Свободные		Күтуде Ожидают		Бос Свободные		Күтуде Ожидают		Бос Свободные		Күтуде Ожидают	
Барлығы Всего	Олардың ішінде әйелдер Из них женских	Барлығы Всего	Олардың ішінде әйелдер Из них женских	Барлығы Всего	Олардың ішінде әйелдер Из них женских	Барлығы Всего	Олардың ішінде әйелдер Из них женских	Барлығы Всего	Олардың ішінде әйелдер Из них женских	Барлығы Всего	Олардың ішінде әйелдер Из них женских
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

Қазақстан Республикасында  
стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек көрсету  
стандартына 4-қосымша

Форма  
Нысан

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		№ 001-3/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации		Медицинская документация Форма 001-3/у

**Стационарға емдеуге жатқызу жолдамасы Направление на госпитализацию в стационар**

Коды/Код \_\_\_\_\_

Бағыттаушы медициналық ұйымның атауы (наименование направляющей  
медицинской организации\*)

Жіберілді (Направляется в)

Медициналық ұйым, бөлімшенің атауы (наименование медицинской организации,  
отделение)

Азамат (ша) (Гражданин (ка))

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) /фамилия, имя, отчество (при его наличии  
)

Туған күні (Дата рождения) \_\_\_\_\_

Амбулаториялық науқастың медициналық картасының № \_\_\_\_\_

(№ медицинской карты амбулаторного пациента)

Мекенжайы (Домашний адрес)

Жұмыс немесе оқу орны (Место работы или учебы)

Диагноз/диагноз \_\_\_\_\_

Халықаралық аурулар жиынтығының коды (код по Международной классификации  
болезней)

Өңірлік комиссияға кім жіберді

Кем направлен на региональную комиссию

Хаттаманың № \_\_\_\_\_ Хаттаманың күні \_\_\_\_\_

№ протокола \_\_\_\_\_

Дата протокола \_\_\_\_\_

Тіркеу күні \_\_\_\_\_

(Дата регистрации) \_\_\_\_\_

Жоспарлы емдеуге жатқызу күні \_\_\_\_\_

(Дата планируемой госпитализации) \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), дәрігердің коды /(Фамилия, Имя, Отчество

(при его наличии), код врача)

Дәрігер (Врач) \_\_\_\_\_

қолы (подпись)

Объективті себептер бойынша белгіленген емдеуге жатқызу күнінде келу мүмкіндігі

болмаған және растау құжаттары болған жағдайда Сізге бұл туралы медицина-санитариялық

алғашқы көмек ұйымын, медициналық ұйымды немесе стационарды хабардар ету қажет.

Хабардар етпеген жағдайда, стационар емдеуге жатқызудан бас тартады.

В случае невозможности по объективным причинам явиться в установленную дату плановой госпитализации и наличии подтверждающих документов Вам необходимо известить

организацию первичной медико-санитарной помощи, медицинскую организацию или стационар. При не оповещении, стационаром будет отказано в госпитализации.

Стационарды және емдеуге жатқызу күнін таңдауға келісемін

С выбором стационара и датой госпитализации согласен(а)

Пациенттің қолы \_\_\_\_\_ Подпись пациента \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасында  
Стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек  
көрсету стандартына  
5-қосымша

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.07.2022 № ҚР ДСМ-69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Пациенттерге емделуге жатқызу үшін жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты"		
1	Қызмет берушінің атауы	Денсаулық сақтау субъектілері
	Өтініштерді қабылдайтын және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беретін ұйымдардың	

2	атаулары және (немесе) " электрондық үкімет пен ұялы байланыс абоненттік құрылғысы" веб -порталына нұсқау	" денсаулық сақтау субъектілері, " электрондық үкімет" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні ішінде; тапсыру уақыты - 30 минут.
4	мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және/немесе қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) 001-3/е нысаны бойынша берілген стационарға емдеуге жатқызуға жолдама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы; 2) "электрондық үкімет" порталы арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі еңбек заңнамасына сәйкес - дүйсенбіден сенбіге дейін (дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз, сенбі сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін). 2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, еңбек заңнамасына сәйкес тәулік бойы ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде).
		көрсетілетін қызметті берушіге: 1) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 2) медициналық-санитариялық алғашқы көмек немесе медициналық ұйым мамандарының жолдамасы;

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>3) бағытталған диагноз бойынша клиникалық-диагностикалық зерттеулердің нәтижелері (диагноз қою және емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес). "электрондық үкімет" порталы арқылы: 1) медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасының электрондық көшірмесі; 2) жіберілетін диагнозға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулер нәтижелерінің электрондық көшірмесі (диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес).</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтауы 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмағанда</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушының порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы</p>

10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінде, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығында мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.</p>
----	---	--

Қазақстан Республикасында  
стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек көрсету  
стандартына  
6-қосымша

Нысан

**Науқасты шұғыл емдеуге жатқызудан бас тарту**

Тегі \_\_\_\_\_ Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

(бар болған кезде)

Жынысы:

ер,

әйел,

айқындалмаған

Туған күні \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ айы \_\_\_\_\_ жылы



Үй мекенжайы

---

Тұрғын:

қала,

Ауыл

Жұмыс/оқу орыны \_\_\_\_\_

---

Телефондары: \_\_\_\_\_

---

Жеңілдік санаты \_\_\_\_\_

---

Тіркелген \_\_\_\_\_

(МҰ атауын көрсету)

"Науқасты тіркеу туралы деректер ТХТ-да жоқ"

Кім жіберді:

өз бетінше жүгіну

МСАК ұйымы

консультациялық-диагностикалық көмек ұйымы

жедел көмек

басқа стационар

перзентхана

әскери комиссариат

өзгелері

Жүгіну түрлері: жоспарлы, шұғыл (қажеттісінің астын сызу)

Диагноздың түрі	Диагноздың типі	Диагноздың коды	Диагнозды атауы	Жарақат сипаты
-----------------	-----------------	-----------------	-----------------	----------------

Емдеуге жатқызудан бас тартқан медициналық ұйым: \_\_\_\_\_

— Бас тарту себебі: \_\_\_\_\_

— Орындалған қызметтер:

Қызметтер коды	Қызметтердің атауы	Саны
----------------	--------------------	------

Орындалған операциялар/манипуляциялар:

Операциялардың/ манипуляциялардың коды	Операциялардың/ манипуляциялардың атауы	Саны
---	--	------

Пайдаланылған дәрі-дәрмектер:

Дәрі-дәрмектің коды	Дәрі-дәрмектің атауы	Саны
---------------------	----------------------	------

Ұсынымдар:

-амбулаториялық ем;

-ұсынылған дәрілік заттар (препараттың атауын, дозасын, қабылдау қысқалығын көрсету)

\_\_\_\_\_

-бейінді маманның консультациясы (бейінді көрсету)

Басқа ұсынымдар: \_\_\_\_\_

Бас тартуды тіркеу күні: \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_ айы \_\_\_\_\_ жыл

Науқас \_\_\_\_\_

(Науқастың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Науқастың қолы \_\_\_\_\_

Дәрігер: \_\_\_\_\_

(Науқастың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Бас тартқан дәрігердің қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасында  
стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек көрсету  
стандартына  
7-қосымша

Нысан

**Емдеуге жатқызылмаған пациенттерге медициналық қызметтер көрсетілген және дәрілік заттар пайдаланылған тізбесі**

(20\_\_ жылғы \_\_\_\_ бастап – 20\_\_ жылғы \_\_\_\_ аралығында)

№	Пациенттің жеке сәйкестендіру нөмірі	Орындалған қызметтер			Пайдаланылған дәрілік заттар			Пайдаланылған медициналық бұйымдар		
		Қызметтер коды	Қызметтердің атауы	Қызметтердің саны	Дәрілік заттардың коды	Дәрілік заттардың атауы	Дәрілік заттардың саны	Медициналық бұйымдардың коды	Медициналық бұйымдардың атауы	Медициналық бұйымдардың саны
A	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Медициналық ұйым: \_\_\_\_\_

Қалыптастыру күні: \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасында  
Стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек  
көрсету стандартына  
8-қосымша

**Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.07.2022 № ҚР ДСМ-69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Стационарлық жағдайда көмек көрсететін медициналық ұйымдар
2	Өтініштерді қабылдайтын және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беретін ұйымдардың атаулары және (немесе) "электрондық үкімет пен ұялы байланыс абоненттік құрылғыс" веб-порталына нұсқау	Стационарлық жағдайда көмек көрсететін медициналық ұйымдар, "электрондық үкімет" веб-порталы
3		Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушіге

	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	тікелей жүгінген кезде жүгінген күні көрсетіледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінары автоматтандырылған)/ қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде – нысан бойынша қағаз түрінде стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. 2) порталға электрондық форматта жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін . Көрсетілетін қызметті алушыларды қабылдау кезек тәртібімен жүзеге асырылады. Алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсету қарастырылмаған. 2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда еңбек заңнамасына сәйкес тәулік бойы ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде). Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұрау салу көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін).

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті берушіге:</p> <p>1) жеке куәлік және/немесе оның заңды өкілінің куәлігі не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);</p> <p>"электрондық үкімет" порталы арқылы:</p> <p>мемлекеттік қызметті алуға сұраныс;</p> <p>жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкімет шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтауы</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Стандартта белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы</p>
10		<p>Көрсетілетін қызметті алушының порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p>

	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінде, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығында мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.
--	---	---

Қазақстан Республикасында  
Стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек  
көрсету стандартына  
9-қосымша

**Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 29.07.2022 № ҚР ДСМ-69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Санаторийлік-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Қызмет берушінің атауы	Б а с т а п қ ы медициналық-санитариялық көмек көрсетушілер
2	Өтініштерді қабылдайтын және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беретін ұйымдардың атаулары және (немесе) "электрондық үкімет пен ұялы байланыс абоненттік құрылғысы" веб -порталына нұсқау	Б а с т а п қ ы медициналық-санитариялық көмек көрсетушілер, "электрондық үкімет" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды берген сәттен бастап – 1 (бір) жұмыс күні ішінде
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде
		көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде – "денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ–175/2020 бұйрығымен (

5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 069/е нысаны бойынша берілген санаторийлік-курорттық карта немесе осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер;</p> <p>2) порталға электрондық форматта жүгінген кезде - көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында 001-3/е нысаны бойынша берілген стационарға емдеуге жатқызуға жолдама немесе осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, еңбек заңнамасына сәйкес тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде).</p> <p>Бұл ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұрау салу көрсетілетін қызметті берушінің жұмысы аяқталғанға дейін 2 сағат бұрын қабылданады (жұмыс күндері 18.00-ге дейін).</p>
		<p>көрсетілетін қызметті берушіге: 1) еркін нысандағы өтініш;</p> <p>2) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);</p> <p>3) жіберілетін диагнозға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулердің нәтижелері (</p>

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес ).</p> <p>"электрондық үкіметә порталы арқылы:</p> <p>1) сұрау салу.</p> <p>2) жіберілетін диагнозға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулер нәтижелерінің электрондық көшірмесі ( диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес ).</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтауы</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмағанда</p>
10		<p>Көрсетілетін қызметті алушының порталда тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p>



	Өзге де талаптар мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген	Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінде, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығында мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.
--	--	---

Қазақстан Республикасында  
Стационарлық жағдайларда  
медициналық көмек көрсету  
стандартына  
10-қосымша

### Тәулік бойы бақыланатын стационарға емделуге жататын АХЖ – 10 кодтары бойынша диагноздардың тізбесі

№	Код МКБ-10	Наименование МКБ-10
1	A00.0	01 тырысқақ вибрионы тудырған тырысқақ, cholerae биовары
2	A00.1	01 тырысқақ вибрионы тудырған тырысқақ, eltor биовары
3	A00.9	Анықталмаған тырысқақ
4	A01.0	Іш сүзегі
5	A01.1	Қылау А
6	A01.2	Қылау В
7	A01.3	Қылау С
8	A01.4	Анықталмаған қылау
9	A02.0	Сальмонеллалық энтерит
10	A02.1	Сальмонеллалық септицемия
11	A02.2	Бір орында орныққан сальмонеллалық жұқпа
12	A02.8	Анықталған басқа сальмонеллалық жұқпа
13	A02.9	Анықталмаған сальмонеллалық жұқпа
14	A03.0	Shigella dysenteriae тудырған шигеллез
15	A03.1	Shigella flexneri тудырған шигеллез
16	A03.2	Shigella boydii тудырған шигеллез
17	A03.3	Shigella sonnei тудырған шигеллез

18	A03.8	Басқа шигеллез
19	A03.9	Анықталмаған шигеллез
20	A04.0	<i>Escherichia coli</i> тудырған энтеропатогенді жұқпа
21	A04.1	<i>Escherichia coli</i> тудырған энтероуытты жұқпа
22	A04.2	<i>Escherichia coli</i> тудырған энтероинвазиялық жұқпа
23	A04.3	<i>Escherichia coli</i> тудырған энтерогеморрагиялы жұқпа
24	A04.4	<i>Escherichia coli</i> тудырған ішектің басқа жұқпалары
25	A04.5	<i>Campylobacter</i> тудырған энтерит
26	A04.6	<i>Yersinia enterocolitica</i> тудырған энтерит
27	A04.7	<i>Clostridium difficile</i> тудырған энтероколит
28	A04.8	Ішектің басқа, анықталған, бактериялы жұқпалары
29	A04.9	Ішектің анықталмаған, бактериялы жұқпалары
30	A05.0	Тағамнан стафилококтік улану
31	A05.1	Ботулизм
32	A05.2	<i>Clostridium perfringens</i> [ <i>Clostridium welchii</i> ] тудырған тағамнан улану
33	A05.3	Тағамнан <i>Vibrio parahaemolyticus</i> тудырған улану
34	A05.4	Тағамнан <i>Bacillus cereus</i> тудырған улану
35	A05.8	Тағамнан бактериялық анықталған басқа уланулар
36	A05.9	Тағамнан анықталмаған, бактериялық улану
37	A06.0	Амебалық ушыққан дизентерия
38	A06.1	Ішектің созылмалы амебиазы
39	A06.2	Тоқ ішектің дизентериялық емес амебалық қабынуы
40	A06.3	Ішек амебомасы
41	A06.4	Бауырдың амебалық іріңдігі
42	A06.5	Өкпенің амебалық іріңдігі
43	A06.6	Мидың амебалық іріңдігі (G07*)
44	A06.7	Терінің амебалық аурулары
45	A06.8	Амебалық басқа орында орналасқан жұқпа
46	A06.9	Анықталмаған амебиаз

47	A07.0	Балантидиаз
48	A07.1	Жиардиаз [лямблиоз]
49	A07.2	Криптоспоридиоз
50	A07.3	Изоспороз
51	A07.8	Ішектің протозойлық анықталған басқа аурулары
52	A07.9	Ішектің протозойлық анықталмаған басқа ауруы
53	A08.0	Ротавирустық энтерит
54	A08.1	Норвлк қоздырғышы тудырған жіті гастроэнтеропатия
55	A08.2	Аденовирусты энтерит
56	A08.3	Вирусты басқа энтериттер
57	A08.4	Ішектің вирусты анықталмаған жұқпасы
58	A08.5	Ішектің анықталған басқа жұқпалары
59	A09.0	Басқа анықталған гастроэнтерит және жұқпалы тектес колит
60	A09.9	Гастроэнтерит және анықталмаған тәріздес колит
61	A15.0	Культураның өсуінің болуы немесе болмауы бактериоскопиялық тұрғыдан расталған өкпе туберкулезі
62	A15.1	Тек қана культураның өсуімен расталған өкпе туберкулезі
63	A15.2	Гистологиялық тұрғыдан расталған өкпе туберкулезі
64	A15.3	Анықталмаған әдістермен расталған өкпе туберкулезі
65	A15.4	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі
66	A15.5	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған көмей, кеңірдек, бронхылар туберкулезі
67	A15.6	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған туберкулезді плеврит
68	A15.7	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған, тыныс алу ағзаларының алғашқы туберкулезі

69	A15.8	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған, басқа тыныс алу ағзаларының туберкулезі
70	A15.9	Бактериологиялық және гистологиялық тұрғыдан расталған, орналасу орны анықталмаған тыныс алу ағзаларының туберкулезі
71	A16.0	Теріс нәтижелі бактериологиялық және гистологиялық зерттеулер барысындағы өкпе туберкулезі
72	A16.1	Бактериологиялық және гистологиялық зерттеулер өткізілмей танылған өкпе туберкулезі
73	A16.2	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген өкпе туберкулезі
74	A16.3	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі
75	A16.4	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген көмей, кеңірдек және бронхтар туберкулезі
76	A16.5	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген туберкулезді плеврит
77	A16.7	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген тыныс алу ағзаларының алғашқы туберкулезі
78	A16.8	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы туралы ескертілмеген басқа тыныс алу ағзаларының туберкулезі
79	A16.9	Бактериологиялық немесе гистологиялық расталуы ескертілмеген, орналасу орны анықталмаған, тыныс алу ағзаларының туберкулезі
80	A17.0	Ми қабығының туберкулездік қабынуы (G01*)
81	A17.1	Менингеальдік туберкулема (G07* )

82	A17.8	Нерв жүйесінің басқа орындарда орналасқан туберкулезі (G07*, G05.0*, G63.0*)
83	A17.9	Нерв жүйесінің анықталмаған туберкулезі (G99.8*)
84	A18.0	Сүйектер мен буындар туберкулезі (M01.1*, M49.0*, H75.0*, M90.0*, M68.0*)
85	A18.1	Несеп-жыныс ағзаларының туберкулезі (N33.0*, N74.0*, N29.1*, N51.0*, N51.1*, N51.8*, N74.1*)
86	A18.2	Туберкулездік шет лимфаденопатия
87	A18.3	Ішек, ішперде және шажырқай лимфа түйіндерінің туберкулезі (K93.0*, K67.3*)
88	A18.4	Тері қабаты мен тері асты шелмайының туберкулезі (H03.1*)
89	A18.5	Көз туберкулезі (H32.0*, H19.0*, H19.2*, H22.0*)
90	A18.6	Құлақ туберкулезі
91	A18.7	Бүйрекүсті безінің туберкулезі (E35.1*)
92	A18.8	Б а с қ а , анықталғанағзалардың туберкулезі (I39.0*, I39.1*, I39.2*, I39.3*, I39.4*, I39.8*, I41.0*, K23.0*, I32.0*, E35.0*, I68.1*)
93	A19.0	Анықталған, бір орында орналасқан миллиарлы туберкулез
94	A19.1	Көп орында орналасқан миллиарлы ушыққан туберкулез
95	A19.2	Орны анықталмаған, миллиарлы ушыққан туберкулез
96	A19.8	Миллиарлы туберкулездің басқа пішіндері
97	A19.9	Орналасу орны анықталмаған миллиарлы туберкулез
98	A20.0	Бубондық оба
99	A20.1	Тері асты шелмайы-тері обасы
100	A20.2	Өкпе обасы
101	A20.3	Обалық менингит
102	A20.7	Сепсистік оба
103	A20.8	Обаның басқа түрлері
104	A20.9	Анықталмаған оба
105	A21.0	Ульцерогландулалық туляремия

106	A21.1	Окулогландулалық туляремия
107	A21.2	Өкпе туляремиясы
108	A21.3	Асқазан-ішек туляремиясы
109	A21.7	Жайылған туляремия
110	A21.8	Туляремияның басқа түрлері
111	A21.9	Анықталмаған туляремия
112	A22.0	Күйдіргінің терілік түрі
113	A22.1	Күйдіргінің өкпелік түрі
114	A22.2	Күйдіргінің асқазан-ішектік түрі
115	A22.7	Күйдіргілік септицемия
116	A22.8	Күйдіргінің басқа пішіндері
117	A22.9	Анықталмаған күйдіргі
118	A23.0	<i>Brucella melitensis</i> -пен (бруцелла мелитенсис) тудырылған сарып
119	A23.1	<i>Brucella abortus</i> тудырған сарып
120	A23.2	<i>Brucella suis</i> тудырған сарып
121	A23.3	<i>Brucella canis</i> тудырған сарып
122	A23.8	Сарыптың басқа түрлері
123	A23.9	Анықталмаған сарып
124	A24.0	Маңқа
125	A24.1	Жіті немесе шапшаң мелиоидоз
126	A24.2	Жітілеу және созылмалы мелиоидоз
127	A24.3	Анықталған басқа мелиоидоз
128	A24.4	Анықталмаған мелиоидоз
129	A25.0	Спириллез
130	A25.1	Стрептобациллез
131	A25.9	Егеуқұйрықтардың тістеуінен болған, анықталмаған қызба
132	A26.0	Тері эризипелоиды
133	A26.7	<i>Erysipelothrix</i> тудырған септицемия
134	A26.8	Эризипелоидтың басқа түрлері
135	A26.9	Анықталмаған эризипелдоид
136	A27.0	Сарғаюлы-геморрагиялы лептоспироз
137	A27.8	Лептоспироздың басқа түрлері
138	A27.9	Анықталмаған лептоспироз
139	A28.0	Пастереллез
140	A28.1	Мысық тұқымдастардың тырнауынан болған қызбалар
141	A28.2	Экстраинтестинальдік иерсиниоз

142	A28.8	Басқа айдарларда жіктелмеген, бактериялық анықталған басқа зооноздар
143	A28.9	Бактериялық анықталмаған зооноздар
144	A30.0	Нақтыланбаған алапес
145	A30.1	Туберкулоидтық алапес
146	A30.2	Туберкулоидтық шекаралық алапес
147	A30.3	Шекаралық алапес
148	A30.4	Лепрамотоздық шекаралық алапес
149	A30.5	Лепрамотоздық алапес
150	A30.8	Алапестің басқа түрлері
151	A30.9	Анықталмаған алапес
152	A31.0	Mycobacterium (микобактериум) тудырған өкпе жұқпасы
153	A31.1	Mycobacterium-мен тудырылған тері жұқпасы
154	A31.8	Mycobacterium-мен (микобактериум) шақыртылған басқа жұқпалар
155	A31.9	Mycobacterium тудырған анықталмаған жұқпа
156	A32.0	Тері листериозы
157	A32.1	Листериоздық менингит және менингоэнцефалит (G01*, G05.0*)
158	A32.7	Листериоздық септицемия
159	A32.8	Листериоздың басқа пішіндері (I68.1*, I39.8*)
160	A32.9	Анықталмаған листериоз
161	A33	Нәрестелер сіреспесі
162	A34	Акушериялық сіреспе
163	A35	Сіреспенің басқа түрлері
164	A36.0	Жұтқыншақтың күл ауруы
165	A36.1	Аран (мұрын-жұтқыншак) күл ауруы
166	A36.2	Көмекейдің күл ауруы
167	A36.3	Терінің күл ауруы
168	A36.8	Басқа күл ауруы (H13.1*, I41.0*, G63.0*)
169	A36.9	Анықталмаған күл ауруы
170	A37.0	Bordetella pertussis-пен (бордетелла пертуссис) тудырылған көкжөтел

171	A37.1	<i>Bordetella parapertussis</i> тудырған көкжөтел
172	A37.8	Басқа, анықталған <i>Bordetella</i> (бордетелла) түрлі қоздырғыш тудырған көкжөтел
173	A37.9	Анықталмаған көкжөтел
174	A38	Жәншау
175	A39.0	Менингококктік менингит (G01*)
176	A39.1	Уотерхаус-Фридериксен синдромы (E35.1*)
177	A39.2	Ушыққан менингококкемия
178	A39.3	Созылмалы менингококкемия
179	A39.4	Анықталмаған менингококкемия
180	A39.5	Жүректің менингококктік ауруы
181	A39.8	Менингококктік басқа жұқпалар (M01.0*, H13.1*, G05.0*, H48.1*, M03.0*)
182	A39.9	Менингококктік анықталмаған жұқпа
183	A40.0	A тобының стрептокогімен тудырылған септицемия
184	A40.1	B тобының стрептокогімен тудырылған септицемия
185	A40.2	D тобының стрептококі тудырған септицемия
186	A40.3	<i>Streptococcus pneumoniae</i> -мен тудырылған септицемия
187	A40.8	Стрептококктік басқа септицемиялар
188	A40.9	Стрептококктік, анықталмаған септицемия
189	A41.0	<i>Staphylococcus aureus</i> -пен тудырылған септицемия
190	A41.1	Басқа анықталған стафилококпен тудырылған септицемия
191	A41.2	Басқа анықталмаған стафилококпен тудырылған септицемия
192	A41.3	<i>Haemophilus influenzae</i> -мен (гемофилус инфлуэнза) тудырылған септицемия
193	A41.4	Анаэроб микробтармен тудырылған септицемия
194	A41.5	Басқа грамтеріс микроорганизмдермен тудырылған септицемия
195	A41.8	Анықталған басқа септицемия



196	A41.9	Анықталмаған септицемия
197	A42.0	Өкпе актиномикозы
198	A42.1	Құрсак актиномикозы
199	A42.2	Мойын-бет актиномикозы
200	A42.7	Актиномикоздық септицемия
201	A42.8	Басқа актиномикоздар
202	A42.9	Анықталмаған актиномикоз
203	A43.0	Өкпе нокардиозы
204	A43.1	Тері нокардиозы
205	A43.8	Нокардиоздың басқа пішіндері
206	A43.9	Анықталмаған наркодиоз
207	A44.0	Жүйелік бартонеллез
208	A44.1	Тері және тері-сілемейлік қабық бартонеллезі
209	A44.8	Басқа бартонеллездер
210	A44.9	Анықталмаған бартонеллез
211	A46	Тілме
212	A48.0	Газдық гангрена
213	A48.1	Легионерлер ауруы
214	A48.2	Өкпе қабынуынсыз легионерлер ауруы [Понтиак қызбасы]
215	A48.3	Уытты шок синдромы
216	A48.4	Бразилия пурпуралық қызбасы
217	A48.8	Бактериялық анықталған басқа аурулар
218	A49.0	Стафилококтік анықталмаған жұқпа
219	A49.1	Стрептококтік анықталмаған жұқпа
220	A49.2	Haemophilus influenzae-мен тудырылған анықталмаған жұқпа
221	A49.9	Анықталмаған бактериялық жұқпа
222	A50.0	Симптомдары бар, туа біткен ерте мерез
223	A50.1	Жасырын туа біткен ерте мерез
224	A50.2	Анықталмаған, туа біткен ерте мерез
225	A50.3	Көздің кеш туа біткен мерездік зақымдалуы
226	A50.4	Кеш, туа біткен нейромерез (ювенильді нейромерез) (G05.0*, G01*, G63.0*)
227	A50.5	Симптомдары бар кеш туа біткен мерездің басқа да пішіндері (M03.1, 198*, M90.2*)

228	A50.6	Кеш туа біткен жасырын мерез
229	A50.7	Анықталмаған кеш туа біткен мерез
230	A50.9	Анықталмаған туа біткен мерез
231	A51.0	Жыныс ағзаларының алғашқы мерезі
232	A51.1	Анал айналасының алғашқы мерезі
233	A51.2	Басқа орнығатын алғашқы мерез
234	A51.3	Тері мен сілемейлі қабықтың салдарлық мерезі (L99.8*)
235	A51.4	Салдарлық мерездің басқа пішіндері (N74.2*, H22.0*, G01*, M63.0*, H58.8*, M90.1*)
236	A51.5	Жасырын, ерте мерез
237	A51.9	Анықталмаған, ерте мерез
238	A52.0	Жүрек-тамырлар жүйесінің мерезі
239	A52.1	Симптомдары бар нейромерез
240	A52.2	Асимптоматикалық нейросифилис
241	A52.3	Анықталмаған Нейросифилис
242	A52.7	Кеш мерездің басқа белгілері
243	A52.8	Кеш жасырын мерез
244	A52.9	Анықталмаған кеш мерез
245	A53.0	Ерте немесе кештігі анықталмаған жасырын мерез
246	A53.9	Анықталмаған мерез
247	A54.0	Несеп шығаратын өзек маңы немесе қосалқы бездердің іріңдігінсіз, несеп-жыныс жолының төменгі бөлімдерінің гонококтік жұқпасы
248	A54.1	Несеп шығаратын өзек маңы немесе қосалқы бездердің іріңді, несеп-жыныс жолының төменгі бөлімдерінің гонококтік жұқпасы
249	A54.2	Несеп-жыныс ағзаларының гонококтік пельвиоперитониті мен гонококтік басқа жұқпасы
250	A54.3	Көздің гонококтік жұқпасы
251	A54.4	Сүйек-бұлшық ет жүйесінің гонококтік жұқпасы
252	A63.8	Жыныс жолымен берілетін басқа анықталмаған аурулар
253	A66.0	Алғашқы фрамбезиялық зақымданулар
254	A66.1	Көптеген папилломалар мен табан

255	A66.2	Терінің басқа да фрамбезиялық ерте зақымданулары
256	A66.3	Фрамбезиялық гиперкератоз
257	A66.4	Фрамбезиялық гуммалар (түйіндер) мен жаралар
258	A66.5	Гангоза
259	A66.6	Сүйектер мен буындардың фрамбезиялық зақымданулары
260	A66.7	Фрамбезияның басқа көріністері
261	A66.8	Жасырын фрамбезия
262	A66.9	Анықталмаған фрамбезия
263	A67.0	Пинта барысындағы алғашқы зақымданулар
264	A67.1	Пинта барысындағы аралық зақымданулар
265	A67.2	Пинта барысындағы кеш зақымданулар
266	A67.3	Пинта барысындағы аралас зақымданулар
267	A67.9	Анықталмаған пинта
268	A68.0	Биттік соқпа сүзек
269	A68.1	Індеттік соқпа сүзек
270	A68.9	Анықталмаған қайталмалы қалшылдау
271	A69.0	Өлі еттендіруші, ойық жаралы стоматит
272	A69.1	Венсанның басқа жұқпалары
273	A69.2	Лайм ауру
274	A69.8	Спирохеталық, анықталған басқа жұқпалар
275	A69.9	Спирохеталық анықталмаған жұқпа
276	A70	Chlamydia psittaci тудырған инфекция
277	A71.0	Басырдың бастапқы кезеңі
278	A71.1	Басырдың белсенді кезеңі
279	A71.9	Анықталмаған басыр
280	A74.0	Хламидиялық конъюнктивит (H13.1*)
